8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Аметхан Жанаттың «Зар заман ақындары шығармаларын жалпы білім беретін мектепте жаңаша оқыту жолдары» тақырыбындағы диссертациясына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Ж. Аметханның диссертациялық зерттеуі әдебиеттану мен әдебиетті оқыту әдістемесінің тоғысында орындалған. Зерттеудің өзектілігі зар заман поэзиясының ғылыми және оқу айналымына қайта енуінің ерекше жағдайымен байланысты. Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы шығармалары кеңестік кезеңде, әсіресе 1947 жылғы қаулыдан кейін, идеологиялық бағалаудың салдарынан оқу бағдарламаларынан шығарылып, тәуелсіздік жылдарында ғана әдебиеттану ғылымында қайта пайымдалды. Қазіргі үлгілік бағдарлама бұл ақындардың шығармаларын 5, 7 және 8-сыныптарға енгізгенімен, күрделі тарихи мазмұны мен көнерген лексикасы бар толғауларды орта буын оқушысына меңгертудің ғылыми негізделген әдістемесі осы уақытқа дейін жасалмаған еді.

Зерттеудің әдебиеттанулық бөлімі теориялық тұрғыдан негізді. Ізденуші «зар заман» ұғымының М. Әуезов ұсынған мазмұнын бастапқы нүкте ретінде алып, оның Х. Досмұхамедұлы, Қ. Жұмалиев, М. Мағауин, Б. Омарұлы, Қ. Мәдібай еңбектеріндегі түсіндірмелерін салыстырмалы түрде қарастырған. Ағымның хронологиялық шекарасы, тарихи-әлеуметтік негізі және әдеби дәстүрдегі орны (Асан Қайғы мен Бұқар жыраудан бастау алатын сарын) жүйелі сипатталған. Ғалымдардың пікірлері тізбектеліп қана қоймай, талдау нысанына айналған: ізденуші олардың ортақ және қайшы тұстарын ажыратып, өз ұстанымын дәлелді түрде білдіреді. Әдебиеттанулық талдауда тарихи-салыстырмалы, мәтінтанымдық, герменевтикалық және семантикалық талдау әдістері өзара ұштастырыла қолданылған, бұл алынған тұжырымдардың сенімділігін арттырады.

Диссертацияның ғылыми құндылығын арттыратын тұс – бағдарламаға енген төрт шығарманың («О, Ақтан жас, Ақтан жас», «Зар заман», «Үш қиян», «Сарыарқа») бірыңғай алты кезеңді сызба бойынша жасалған кешенді талдауы. Контекст, тақырып пен идея, композиция, тіл мен стиль, семантикалық өріс және интерпретация деңгейлерінде жүргізілген талдау әр шығарманың поэтикалық ерекшелігін нақты мәтіндік деректер арқылы ашады. Шортанбай толғауындағы эпифоралық құрылым мен антитеза, «Үш қиян» толғауындағы «жер» лексемасының эпифоралық қайталануы, «Сарыарқа» толғауындағы «еді» тұлғасының элегиялық қызметі туралы тұжырымдар мәтінді сандық және сапалық тұрғыда зерделеудің нәтижесі болып табылады.

Жанрлық табиғат пен идеялық-тақырыптық жүйе де тиянақты қарастырылған. Толғау, жоқтау, арнау және дидактикалық өлең белгілерінің бір шығарма аясында тоғысуы, ақындар дүниетанымындағы жер мен қоныс, уақыт, билік пен әділет, ұрпақ тағдыры сарындары салыстырмалы аспектіде талданған. Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығын жыраулық дәстүр мен жаңа ақындық сананың аралық буыны ретінде бағалау тұжырымы ғылыми тұрғыдан дәйекті. Отарлау тақырыбы постколониалдық тәсілдің шектерін ескере отырып, мәтіннен дәлелденетін тарихи фон ретінде қарастырылған.

Мәтінтанымдық тұрғыдан маңызды нәтижелер алынған. Оқулықтардағы мәтін нұсқалары ғылыми басылымдармен салыстырылып, шығармалардың қысқартылған тұстары (мысалы, «Сарыарқа» толғауының оқулықта шамамен бестен бір бөлігі ғана берілуі), сөзжарақтағы түсіндірмелердің алшақтығы, ақындардың өмірбаяндық деректеріндегі сәйкессіздіктер тіркелген. Бұл деректер оқулық авторлары мен баспалар үшін де практикалық мәнге ие.

Әдебиеттанулық талдау нәтижелері әдістемелік бөлімге тікелей негіз болған: сөздік жұмысына іріктелген лексика, контекст жиынтығының мазмұны және сабақтағы пікірталас сұрақтары бірінші тараудағы талдаудан туындайды. Бұл жұмыстың ішкі тұтастығын және теориялық бөлім мен практикалық ұсыныстардың өзара сабақтастығын қамтамасыз етеді. Ұсынылған әдістемені бағдарламадан тыс қалған зар заман ақындарының шығармаларына да қолдану зерттеудің келешек бағыты бола алады.

Зерттеу барысында ізденуші ғылыми әдебиетпен дербес жұмыс істеу, дереккөздерді сыни бағалау, өз тұжырымын дәлелдеу дағдыларын көрсетті. Ізденуші жұмыс барысында ізденімпаздық, жауапкершілік, ғылыми әдебиетпен дербес жұмыс істей білу қабілетін танытты.

Диссертация нәтижелері 20 ғылыми еңбекте жарияланды: ғылыми журналдарда 8 мақала және халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында 12 баяндама. Зерттеу нәтижелері Түркия мен Өзбекстанда өткен халықаралық ғылыми жиындарда баяндалып, апробациядан өтті.

Қорыта келгенде, Ж. Аметханның «Зар заман ақындары шығармаларын жалпы білім беретін мектепте жаңаша оқыту жолдары» тақырыбындағы диссертациясы өзекті ғылыми мәселеге арналған, теориялық тұрғыдан негізделген, аяқталған дербес ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертация 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы ізденіп отырған дәрежені алуға лайық.

Ғылыми кеңесші,
«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор **Б.Ш. Қожекеева**

Подпись
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
«Қазақский национальный женский педагогический университет» НАО HR служба